

Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандарының тізбесін айқындау

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 18 қазандығы N 351 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаменті Жалағаш ауданының Әділет басқармасында 2010 жылды 19 қарашада N 10-6-169 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 12 сәуірдегі N 103 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 12.04.2013 N 103 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Кодексінің 18-бабының 2) тармақшасына және "Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесі туралы" Жалағаш аудандық мәслихатының 2009 жылғы 24 қыркүйектегі N 20-5 шешіміне сәйкес Жалағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Жалағаш ауданының әкімі</i>	<i>K. Бекенов</i>
2010 жылғы 18 қазандығы	N 351
Жалағаш ауданы	әкімдігінің
қаулысына қосымша	

Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2011.10.07 N 323 қаулысымен.

1. Денсаулық сақтау мамандарының лауазымдары:
1) мемлекеттік мекеме мен қазыналық кесіпорын, оның ішінде зертхана

басшысы мен басшысының орынбасары (оның ішінде бірінші);

2) бөлімше (сектор), бөлімше бөлігі (бөлім), филиал), оның ішінде: зертхана
б а с ш ы с ы ;

3) бөлімше (сектор), бөлімше бөлігі (бөлім), филиал), оның ішінде: зертхана
б а с ш ы с ы н ы ң о р ы н б а с а р ы ;

4) дәріхана менгерушісі;

5) мамандар (бас, аға), оның ішінде: барлық мамандықтағы дәрігерлер, акушер, емдем бикесі, тіс дәрігері, тіс техникі, зертханашы, медициналық бике, медициналық статистик, медициналық зертханашы, денсаулық сақтау менеджері, провизор, психолог, ренген зертханашысы, мамандандырылған медициналық бике, фармацевт, фельдшер (зертханашы).

2. Элеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:

1) үйде көрсетілетін әлеуметтік көмек бөлімшесі (орталығы) менгерушісі;

2) мамандар (бас, аға): күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкер, әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант, арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер ;

3) жұмыспен қамту орталығы мемлекеттік мекемесінің басшысы;

4) мамандар (бас, аға): біліктілігі жоғары деңгейлі маман, маман, консультант

3. Білім беру мамандарының лауазымдары:

1) мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорын, оның ішінде мектепке дейінгі мемлекеттік мекеме және қазыналық кәсіпорын басшысы мен басшысының орынбасары (оның ішінде бірінші);

2) бөлімше (сектор), бөлімше бөлігі (бөлім), филиал), оның ішінде: көркемдік жетекші, әдістемелік кабинет басшысы;

3) мамандар (бас, аға), оның ішінде: барлық мамандықтағы мұғалімдер, кітапханашы, жетекші, тәрбиеші, емдем бикесі, инспектор, нұсқаушы, зертханашы, шебер, медициналық бике, әдістемеші, музыкалық жетекші, музыкатанушы, психолог, үйірме жетекшісі, хореограф, хормейстр.

4. Мәдениет мамандарының лауазымдары:

1) мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорын, оның ішінде мәдениет және мұрағат ісі басшысы мен басшысының орынбасары (оның ішінде бірінші);

2) бөлімше (сектор), бөлімше бөлігі (бөлім), филиал), оның ішінде: көркемдік жетекші б а с ш ы с ы ;

3) мұрағат, мұрағат қоймасы, кітапхана, клуб, мұражай менгерушісі;

4) мамандар (бас, аға), оның ішінде: аккомпаниатр, мұрағатшы, балетмейстр, библиограф, кітапханашы, инспектор, нұсқаушы, өнертанушы, мәдени үйимдастырушы, әдістемеші, музыкалық жетекші, бағдарламашы, редактор,

режиссер, үйірме жетекшісі, хормейстр, сақтаушы (оның ішінде мұражайлардағы корларды), барлық атаудағы суретшілер.

5) техникалық орындаушылар, оның ішінде: мұрағатшы, мұражай қараушысы

5. Спорт мамандарының лауазымдары:

1) мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорын, оның ішінде спорт басшысы мен басшысының орынбасары (оның ішінде бірінші);

2) бөлімше (сектор, бөлімше бөлігі (бөлім), филиал) басшысы;

3) оқу ісінің менгерушісі;

4) мамандар (бас, аға), оның ішінде: нұсқаушы, әдістемеші, жаттықтырушы, медициналық бике.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК